

Байсұлтанова К.Ш.¹, Маулит Б.²

¹с.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті, baisultan_k@mail.ru

²магистрант, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: 2010zere@gmail.com

**ҚХР ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК
МӘДЕНИЕТІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗІ**

Бұл мақалада іскерлік мәдениет ұғымына кеңінен тоқталып, Қытайдың шаруашылық және іскерлік мәдениетінің ерекшелігіне талдау жасалды. Авторлар қытайдың дәстүрлі мәдениеті мен қазіргі заманғы қытайдың шаруашылық және іскерлік мәдениеті арасындағы байланысты саралаған. «CNPC» Қытай мұнай компаниясындағы қытайдың дәстүрлі мәдениетінің іскерлік мәдениетіне ықпалы қарастырылған.

Түйін сөздер: іскерлік мәдениет, Конфуцийандық ілімі, буддизм, іскерлік қарым-қатынас.

Baisultanova K.Sh.¹, Maulit B.²

¹Candidate of Political Science, Associate Professor, Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty, e-mail: baisultan_k@mail.ru

²master student, Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty, e-mail: 2010zere@gmail.com

Conceptual basis of economic and business culture of PRC

This article covers the concept of business culture and analyzes the peculiarities of China's economic and business culture. The authors have analyzed the relationship between Chinese traditional culture and modern Chinese economic and business culture. The influence of Chinese CNPC traditional culture on the Chinese business culture has been studied.

Key words: business culture, Confucianism, Buddhism, business communication.

Байсұлтанова К.Ш.¹, Маулит Б.²

¹к.п.н., доцент, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: baisultan_k@mail.ru

²магистрант, Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: 2010zere@gmail.com

Концептуальная основа хозяйственной и деловой культуры КНР

В этой статье рассмотрена концепция деловой культуры и проанализированы особенности хозяйственной и деловой культуры Китая. Авторы проанализировали взаимосвязь между традиционной китайской культурой и современной китайской хозяйственной и деловой культурой. А также рассмотрено влияние традиционной культуры китайской нефтяной компании «CNPC» на деловую культуру Китая.

Ключевые слова: деловая культура, конфуцизм, буддизм, деловое общение.

Кіріспе

Қоғам экономикалық іс-әрекетсіз өмір сүре алмайды. Оның әр алуан түрлері елдің экономикасын құрайды. Бұл жерде адамдар, яғни жұмыс күші өндіріс құралдарымен байланысқа түседі. Еңбек құралы және еңбек өнімі арасындағы тығыз байланыстан өндіріс нәтижесі, яғни азық-түлік, өнеркәсіп тауарлары, әр түрлі қызмет ету түрлері пайда болады.

Шаруашылық – бұл өте кең ұғым. Оны үш деңгейге бөліп қарастыруға болады. Бірінші деңгей – кәсіпорындар мен мекемелер. Бұлар – экономикалық «құрылыстың» өзіндік «кірпіштері» болып табылады. Екінші деңгей – экономика салалары. Әрбір кәсіпорындар мен мекемелер өз қызметімен мемлекеттің түрлі қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Шаруашылық салалары салаларлық өндірістік кешендерді құрайды. Бұл елдің экономикасының үшінші деңгейі. Сонымен, салааралық өндірістік кешен дегеніміз – бір-бірімен тығыз байланысқан және ортақ ақырғы өндіріс нәтижесі бар салалардың үйлесімі.

Негізгі бөлім

Адамдар өндірістік қатынастары шеңберінде алуан түрлі іс-әрекеттерге барады, өндірістік нәтижеге жету барысында бірімен-бірі ықпалдасып, байланыстарға түсіп, түрлі шешімдер қабылдайды. Кез келген шаруашылық деңгейінде адамдардың іс-қимылы, әрекеттері іскерлік қағидаларға сүйенеді, белгілі бір қалыптасқан тәртіпке, моральға негізделеді. Экономикалық мәдениет негізінен адамдардың экономикалық құндылық көзқарасы мен халықтың өмір сүру формасын қамтиды. Жалпы, оны үш сатыға бөлуге болады: корпоративтік мәдениет, институционалдық экономикалық мәдениет және қарапайым халықтың экономикалық мәдениеті. Соңғы кездерде, нарықтық экономиканың дамуына байланысты шаруашылық қатынастарында іскерлік мәдениеттің маңызы жайында зерттеулер өзекті болып отыр. Іскерлік этика моралдық және рухани қағидаларға сүйеніп, іскерлік қатынастардың тәртібін жеке кәсіпорындармен қоса, мемлекеттік және халықаралық заңнамалармен анықтайды. Іскерлік этика мен мәдениеттің түпкі мақсаты өндірістік нәтижеге қол жеткізу, пайда табу. Осы бағытта серіктестермен шаруашылық қатынастардың дұрыс қалыптасуының, бір-біріне сене отырып, бір адамдай жұмылып еңбек етудің маңызы зор. Біз ең алдымен, іскерлік этиканың негізгі

іргетасы болып саналатын іскерлік қатынасты талдауды дұрыс деп санадық. Іскерлік қарым-қатынас немесе байланыс қазіргі таңда, жаңа заманда қоғамның барлық салаларында кездесіп отыр. Қоғамның коммерциялық, іскерлік салаларында, шаруашылықтың барлық түрлері мен формаларында, сондай-ақ жеке іскерлер мен кәсіпкерлер ретінде жеке тұлғалардың шаруашылық байланыстарын іскерлік қатынастарға жатқызамыз. Іскерлік байланыс саласындағы құзіреттілік кез келген, білім, ғылым, өнер, өнеркәсіп, сауда сияқты салаларда сәттілікке жету мен жетпеуге байланысты болып отыр.

Адамдармен дұрыс қатынас жасай алу іскерлік салада, қызметтік және кәсіпкерлік іс-әрекетте сәттілікке жетудің ең маңызды факторларының бірі болып отыр. Атақты, америкалық қарым-қатынас теориясының негізін қалаушылардың бірі Дейл Карнеги 1930 жылдарда-ақ адамның қаржылық мәселесіндегі сәттілігі, тіпті техникалық немесе инженерлік салада болса да 15 пайызға оның кәсіби шеберлігіне байланысты да, 80 пайызы оның адамдармен қатынас жасай алуына байланысты екенін аңғарған.

Іскерлік серіктеспен қатынас жасай алу, бөгде адамның психологиясын, басқа мекеменің мақсатын, көздеген ойын түсіну келіссөз жүргізуде ең басты факторлардың бірі. Мұндай қабілет тек қана іскерлік келіссөздерде ғана маңызды болып қана қоймай, адамның күнделікті өмірінде басқа адаммен оның мақсатын түсіне отырып қатынасқа түсе алса, ол оның басшылық қабілетін арттырады. Басқа адамдарға қызмет ете алатын адамның басқа адамдардан көп артықшылығы бар. Өзін басқа адамның орнына қойып, олардың ойы мен мақсатын түсіне білген адам ғана болашағына алаңдамаса болады.

Коммуникация немесе байланыс, қарым-қатынас адамның өмір сүруінің табиғи ортасы. Қарым-қатынассыз өмір сүру мүлдем болмайтын құбылыс, сондықтан қарым-қатынас дегеніміз адамдар өзара ақпарат алмасатын, бір-біріне ықпал ететін және бір-бірін түсінуге талпынатын күрделі үдеріс. Қарым-қатынас немесе байланысты зерттеп сараласа, оның түрлі салада, түрлі мақсатта қолданылатынын байқауға болады, мәселен, америкалық коммуникация теориясы саласының ғалымдары Фрэнс Дэнс іскерлік қатынас пен іскерлік этика терминінің 15 түрлі концептуалды компоненттерін берсе, Карл Ларсонмен бірігіп, коммуникацияның 126 түрлі анықтамасын ұсынады.

Іскерлік этика – кәсіпкердің экономикалық мүдделерін жақындастыруға, іскерлік қатынаста

жетістікке жетуге мүмкіндік беретін, айтарлықтай лайықты іс-әрекет, мінез-құлық формалары мен ережелерін ұзақ уақыт бойына іріктеу нәтижесі. Этика ережесі оның моральдық-этикалық, адамгершілік нормаларының, яғни сыпайылықтың, қарапайымдылықтың, әдептіліктің, кішіпейілділіктің көрінісі және эстетикалық іс-әрекет пен мінез-құлықтың әсемдігін, әдемілігін растайды және олардың әр жақтарының бірлігін көрсетеді (Переломов Л.С. 1998: 124-130).

Іскерлік этиканың келесідей құрамдас бөліктерінің білгілі-бір нормаларын орындау кәсіпкерлер үшін маңызды болып табылады: вербальды және вербальды емес этика; телефонмен сөйлесу этикасы; көпшілік алдында сөз сөйлеу этикасы; іскерлік байланыстар, іскерлік келіссөздер мен сұхбаттар.

Іскерлік этикамен іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау бизнесте жақсы жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді. Сондықтан оның төмендегі ережелері қазіргі уақытта кәсіпорындарда маңызды болып саналады:

Бірінші ереже – барлық жағдайда мұқият болу.

Екінші ереже – артық ештеңе айтпау.

Үшінші ереже – өзіңіз туралы ғана емес басқалар туралы да ойлау қажеттілігі.

Төртінші ереже – дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу.

Қытай философиясындағы шаруашылық және іскерлік мәдениет

Қытай философиясы бүкіл дүниежүзіне өз алдында жеке бір мектеп болып танылады. Біздің заманымызға дейінгі V ғасырларда қытайдың ұлттық философиялық ілімдері қалыптасқан. Қытай философиясының басты үш негізі бар: конфуцианистік, даосизм, легизм (заңшылық философиялары). Соның ішінде негізгі ілім конфуциалық философия болып есептеледі. Қытай философиясындағы этикалық қағидалар қазіргі замандағы іскерлік мәдениет пен әскерлік этиканың қалыптасуына өз ықпалын тигізген және оның бір қатар ерекшеліктері бар: (Мұқаметханұлы Н. 2010:121).

Ең алдымен, өз тәртіптерін сақтай отырып, мейірімді саясат жүргізуді басты қағида ретінде қатаң ұстанған. Патша – патша орнында, уәзір – уәзір, әке – әке, бала – бала орнында тұрып, әрқайсысы өз міндетін адал атқаруды дәріптейді.

Мейірімді билеуші халыққа мейірімді саясат қолдануды көздейді. Сонымен бірге «билеуші халыққа мейірімді болуы керек, этикалық моральдық жағынан, адам қасиет жағынан үлгі болуы керек» деген ұстанымда болады. «Өзінді

тұт, әдепке қайт» деген қағидаға сүйенген. Адам мен қоғам арасындағы байланысты этикалық өлшемдер арқылы бағалап, оны алдыңғы орынға қояды.

Екіншіден, Қытайдың ұлттық мәдениетінің үзіліссіз жалғасуы үрдіске айналған. Ұлттық мәдениет ұлттың мәйегі болумен бірге, ұлттық тұтастықты сақтаған. Сондықтан да Конфуций ілімінде «мемлекет пен отбасы бір» деген ұғым пайда болған. Әрбір азаматтың мемлекеттің көркеюіне жеке жауапкершілігі бар. Аспан астының гүлденуі мен көркеюіне ер азаматтар жауапты. Отбасылық жауапкершілікті отағасына жүктейді. Ұлттық мәдениетке негіз болған осындай ұстанымдар ұрпақтан ұрпаққа жалғастығын тауып, беріліп келеді. Жалпы, Конфуций ілімі Қытай философиясында жетекшілік орында болып келгендіктен, қытай халықтық рухани өркениетінің маңызды бөлігін құрайды. Алайда, конфуция ілімінің консервативтік жағының барлығын да атап өткен жөн. Ол жаңалықты, реформашылықты, революцияны қуаттамайды, көбіне қалыптасқан дәстүрді жалғастыруды, натуралды дамуы насихаттайды.

Конфуций ілімі қытайлықтардың дүниетанымы мен этикалық өлшеміне айналып кеткен. Белгілі бір нәрсеге баға бергенде қытай жұрты оны моральдық-этикалық жағына көбірек назар аударады. Қазіргі кездегі экономикалық қатынастарда қытай жұмысшысы кәсіпорын ісіне өз жауапкершілігін аса қатты сезінеді, басшыны құрметтеу, оның айтқанын бұлжытпай орындау конфуциандық ілім қағидасының әсерін байқатады. Қытай бизнесмендерімен жұмыс істеу үшін онымен өте жақын араласу, олардың ұлттық ділі мен мәдениетін түсіну қытай халқына деген құрмет деп қаралады. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан қытай мәдениетін тану мен дәріптеуді қытай бизнесмендері шетелдіктер тарапынан талап етеді. Оларда әріптестермен рухани жақындық нәтижелі іскерлік қатынастардың негізі болады деген түсінік қалыптасқан.

Сонымен қатар, қытайда буддизм өркениетінің ықпалы айқын көрінеді. Қытайлар оны II-IV ғасырда Үндістаннан қабылдаған, буддизм Орталық Азия арқылы Қытайға тараған. Бірақ Қытайдың жат мәдениеттері қабылдауының өзіндік ерекшеліктері бар. Қытай сырттан келген әртүрлі мәдениетті өз мәдениетіне үйлестіріп-қытайландырып қабылдайтындығын ескеру қажет. Сондықтан да бұл шын мәнінде таза үнділік буддизм емес, оның кей принциптері, қытайлық Чанзун Буддизмі болып сіңірілген.

Бұл діннен адам мен табиғаттың үйлесімділігі, жапаға төзімділік, тірі жанды өлтірмеу сияқты қағидалары Қытайдың дәстүрлі ілімдерімен үндеседі. Мысалы, Күнгей мен көлеңке (Ия-Янь) қыс пен жаз, күн мен түн сияқты табиғатпен үндестік, сәйкестік табу арқылы қытай халқының өмір сүру көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен. Олардың пайымдауынша, сол арқылы адам өзіндегі табиғи энергетиканы, қабілетін ашуы керек дейді. Адам ортамен, табиғатпен үйлесімді болса, адам денесіндегі био қуаты ашылады деген түсінік қалыптасқан. Энергетикасы ашылған адамда шексіз қуат болады. Бұл – өмір сүру философиясы. Қытайдағы екінші ірі ағым осы.

Сонымен қатар, қытай халқының уақыт пен кеңістікке көзқарасы өзгеше. Адам уақыт пен жағдаяттың қай кезеңінде өте жоғары нәтижелі болады деген ой көбірек толғандырады. Қытай халқы уақыт пен кеңістіктің объективті белгілерінен гөрі, адам өміріндегі субъективтік факторларға, адамның өз мүмкіндіктерін толық аша алатын уақыт пен жағдайларға қатты мән береді. Бұл шаруашылық қатынастарында қытайлықтардың прагматикалық, реалистік және іскерлік қасиеттерінің қалыптасуына әсерін тигізген.

Даосизм Кеңістік заңдылықтары мен ондағы адамдардың рөлі жайындағы қытай діни-философиялық ілімі. Бұл ілім де қазіргі іскерлік қатынастарына өзінің ықпалын тигізді. Адамдардың дұрыс тәртібі, іс-қимылы, дәстүрлер мен салттарды толық сақтауы аса маңызды, сонда ғана Кеңістік сені мақсатыңа жеткізеді. Адамдардың асығыстық істерді, қате қимылдары басқа адамдардың алдында «әдепсіз, сауатсыз» етіп көрсетеді деп түсінеді. Демек, серіктестер алдында өз «бетінді, абыройынды» сақтай білу сені жетістікке жеткізеді.

Қытай халқы келешекке жоспар құруда өте сақ, олардың пікірінше, болашақты басқару мүмкін емес. Олар болашақты құруда бүгінгі күнгі құндылықтарға негізделеді. Қытай халқы келешекте не күтіп тұрғандығы белгісіз, бірақ мен бүгін алдағы жақсы өмір сүруім үшін барлық жағдайды жасап жатырмын деген ұстанымды дұрыс санайды.

Легеизм ілімінің негізі заңшылдық ұғымы Қытайда ежелден болған. Бірақ ол батыс өркениетінің, мәдениетінің құқықтық нормативтерінен өзгеше қалыптасқан. Ол «мемлекет елді заңмен басқару қажет», «сыйлау мен жаза қатар жүруі тиіс» деген ережені ұстанады. Іскерлік қатынастардың заң нормаларымен анықталуына

бұл ілімде өз ықпалын тигізді. Кез келген кәсіпорында заң бұзушылық қатаң жазаланады, қабылданған қағидаларды ұстану экономикалық тәртіпті нығайтады және ортақ мақсатқа жетуге кепіл болады деген түсінікке сай келеді. Сонымен қатар, келісім шартты асықпай, әбден ойланып жасайды. Алайда, заң негізінде шаруашылық дауларын шешкеннен де, біріне бірі сенуге негізделген бизнес қатынастары тиімдірек.

XX ғасырдың басында Қытай қоғамы маркстік-лениндік ілімді қабылдады. Совет Одағындағы өткен тәжірибеден өзгешелігі оны да Қытайдың дәстүрлі мәдениет ілімімен байланыстыруында болды. Қытайдағы маркстік-лениндік ілім маоизмдік идеологиямен ұштастырылды. Алайда, осыншама ілім – идеологияның негізі ұлттық мәдениетке сүйенді. Қытай тәжірибесінде басқа мәдениеттің барлығын ұлттық өркениетке сіңіру негізінде қабылданды. Қытай дәстүрлі мәдениеті күрделі өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Міне, сондықтан XX ғасырдағы төрт ұрпақтың тарихында ұлттық идеологияның тұтастығы, бір ізділігі сақталған. Бұл Қытайдың ішкі саясатынан да, сыртқы саясатынан да көрінеді. Сол үрдісті біртіндеп дамытып, байытып, кемелдендіріп отыру қытай халқының ежелгі дәстүрінің жалғасы. Сол себепті де Қытайдың соңғы 55 жылдық тарихында билік орнында басшылық ауысқанымен, басқалар күткендей ірі толқулар мен қуатты қозғалыстар бола бермейді. Олар «дүние-әлем Қытайға біртұтас бола ма, әлде Қытай дүниеге біртұтас бола ма?» деген сұрақ-жауап қояды. Бұның әсіресе, жаһандану кезеңдегі өзектілігі артып отыр. Өйткені, бұларда ертеден қалыптасқан «аспан асты» деген түсінік қалыптасқан, яғни, қытай халқы өздерін аспан астының қожайыны деп санайды. Бұл сезім қытай-шетелдік кәсіпкерлік байланысында анық байқалады. Қытай халқы бизнес жүргізуде шетелдіктердің қытай мәдениеті мен өркениетінің ежелгі екендігіне басты назар аударып, өздерін іштей басқа ұлттан артық сезінеді. Бұл іскерлік қатынастарда батыс құндылықтарына аса мән бермей, өз мүдделерін алға қоюда анық байқалады. Байланыс пен өзара сенім Қытай бизнесінде «guanxi – 关系» деген ұғымды білдіреді. Ол бизнесті жүргізудің маңызды құралы, сонымен бірге, кез келген ресурстарға қол жеткізе алатын жол, оны бірлігін сақтаудың бірден бір әдісі.

Қытайда туыстық қарым-қатынас өте жоғары. Қытайдың көктем мерекесінде әр әулеттен тараған ұрпақ үлкен үйде бас қосып, толықтану тамағын жейді. Келе алмаған жағдайда

ата-анасына, басқа да бауырларына жедел хат жолдап, сый-сияпаттарын жолдайды. Бір жасқа толған баласына ғұмыр сыйлығын жасау әкешенің парызы. Осыны бәрі отбасы мен мемлекетті бірлікте ұстау үшін, әулеттің тұтастығы үшін жасалады. Отбасының көркеюі мен мемлекеттің көркеюін бір деп түсінеді. Қытайдың билеушілерінің негізгі ұраны «халық үшін қызмет істеу». Қытай экономикасына құйылған инвестицияның көп бөлігі шетелдердегі байқуатты қандастар үлесінде. Шет жерден табыс табу арқылы туған елінің дамуына атсалысып отырады. Дәстүрлі құндылықтардың негізінде қазіргі заманғы қалыптасқан іскерлік байланыстар Қытай экономикасының нығаюына әсерін тигізіп келеді. Қытай шаруашылық қатынастарының осындай оң тәжірибесі кез келген ел үшін үлгі бола алады.

Бүгінгі таңдағы Қытайдың шаруашылық және іскерлік мәдениеті

Сонымен, Қытайдың шаруашылық және іскерлік мәдениетін негізгі теориялық тұжырымдамаларын зерттей отырып, оны төмендегідей топтарға бөлуге болатындығына көз жеткіземіз.

Корпоративтік мәдениет: кәсіпорынның басқару жүйесінің тұжырымдамасы мен тәжірибесін іске асыруы негізгі әдіс болып табылады. Оның негізгі ерекшеліктері:

– Қызметкерлердің өмір бойы бір орында жұмыс жасауы. Дәстүрлі қытай мәдени құндылықтарында корпоративтік мәдениет іргетасының қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Алайда, бұл басқару жүйесінде қызметкерлердің еңбек ынтасын төмендетіп, кәсіпорындардың одан әрі дамуына кедергі жасауымен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуді қиындатты.

– Бағалау және қызмет бабымен жоғарылау. Қытайдың кәсіпорындарында, әдетте университет студенті шамамен 5-7 жылдан кейін ғана нақты жұмысқа қабылданады. Бұл жастардың ынта-жігерін бәсеңдетеді.

– Ішкі, эмоционалдық бақылау және үйлесімділік. Қытай халқы интровкацияланған, эмоцияларға назар аударады. Бұл мінез-құлық, эмоциялық бақылауды және басқарудағы үйлесімділік басшыларына арналған іскерлік басқарудағы көрсеткіштерге тән. Зерттеушілердің кейбіреулері мұны батыстың ұтымды және институттанған басқаруымен айырмашылығы деп санайды. (Tang Yuwkin, 1999: 1).

2. Институционалдық экономикалық мәдениет жүйесі. Әлеуметтік және экономика-

лық құндылықтар туралы көзқарас дамудың жалпы стратегиясына және жүйе мен практикалық тұжырымдамасының аспектілеріне негізделген. Ол Қытайдың социалистік экономикалық мәдени жүйесіне негізделеді, бірақ ол шаруалардың экономикасының ойлау тәсілімен де араласады. Әлеуметтік-экономикалық жүйеде ол капиталистік өндіріс құралдарының жеке меншігінен ерекшеленеді және өндіріс құралдарына мемлекеттік меншікті қолданады. Сондай-ақ, қоғамдық меншік капитализм мен социализм арасындағы түбегейлі айырмашылық болып табылады.

3. Қарапайым халықтың экономика мәдениеті: қарапайым халықтың экономикалық мәдениетіне негізінен тұтынушылардың, өндірушілердің және азаматтардың құнды көзқарастары мен негізгі мінез-құлқы жатады. Қытай халқының экономикалық және мәдени өмір тұжырымдамасы негізінен бірнеше кезеңдерден өтті.

Жалпы, мәдени құрылыс қазіргі заманғы кәсіпорындардың бизнесті басқаруындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейінің көрінісі болып табылады. Кәсіпорындар мәдениеті теориясы корпоративтік мәдениеттің заманауи кәсіпорын басқаруы үш тарихи кезеңнен өтті:

1. Іс тәжірибелік басқару.

2. Еңбек өнімділігін арттыру негізінде ғылыми басқару.

3. Мәдени басқару, яғни басқару сипаттамалары негізінде қызметкерлердің ынта-жігерін жұмылдыруға көңіл бөлу арқылы, күшті корпоративтік мәдениетті қалыптастырып, қызметкерлер мен кәсіпорынды бірдей дамытуды басты орынға қояды. Мысалы, 1970 жылы Америкадағы мұнай дағдарысы экономикалық дағдарыс әкелді, сонымен бірге кәсіпорындардың жеке адамдарға бағдарланған басқару мәдениетін ұстануы тамаша жетістіктерге қол жеткізді.

Іскерлік мәдениет кең мағынада ұзақ мерзімде қалыптасқан дамыған кәсіпорын және оның қызметкерлері деп түсіндіріледі. Тар мағынада, ұзақ мерзімді өндіріс және кәсіпорынды басқару және оның қызметкерлерінің ортақ санасы, құндылықтары, мінез-құлықтары және осы кәсіпорындағы мінез-құлық кодексі болып табылады. Құрылымдық ерекшелігіне байланысты корпоративтік мәдениет төрт сатыға бөлінеді:

– материалдық мәдениет,

– мінез-құлық мәдениеті,

– институционалдық мәдениет,

– рухани мәдениет (негізгі).

Рухани мәдениет: кәсіпорын құндылықтарды қамтиды, ол компанияның нанымдары мен іс-әрекеттерінің бір тұтастығын көрсетеді. Кәсіпорынның рухы мен мәдениеті неғұрлым күшті болса, кәсіпорынның атмосферасы соғұрлым жақсы үйлесімді болады.

Институционалдық мәдениет. Кәсіпорынның институционалдық мәдениеті негізінен қатаң ережелер мен нормативтік актілерге негізделген, тек ғылыми, қатаң тыйым толық институционалдық жүйені қалыптастырады, жүйе кәсіпорындардың басқару тиімділігін арттыру мақсатында қызметкерлердің мінез-құлқын шектейді және кәсіпорындарды басқаруды стандарттайды.

Мінез-құлық мәдениеті, негізінен іскерлік көшбасшылардың, қызметкерлер мен бизнес-модельдердің мінез-құлық кодексін және адамгершілік қасиеттерін көрсетеді.

Материалдық мәдениет: кәсіпорын логотипті, корпоративтік өнімдері, офистік ортаны және тіпті кәсіпорынның арнайы киімдері, визиткалар және т.б қамтиды.

Іскерлік мәдениеттің 3 түрлі ерекшелігі болады:

- 1) кәсіпорын мен жеке адамның қабілеті бір тұтастығы.
- 2) мұрагерлік пен инновацияның бір тұтастығы, мұрагерлік Қытайдың рухани мәдениеті көрінеді.
- 3) өзіндік ерекшелік пен үйлесімділіктің бір тұтастығы.

Қытайдың кәсіпорындарында іскерлік мәдениетті өрлету мен дамыту 1084 ж. басталды. Осы уақыттан бастап Қытайда іскерлік мәдениет түсінігі пайда болды және алғашқы зерттеулер жасалды. XXI ғ. Дэн Сяопиннің реформаларынан кейін тереңдетіліп зерттелді.

Қытай ұлттық мұнай-газ компанияны (CNPC) іскерлік мәдениетіндегі дәуірлік сабақтастық

Қытай мұнай компаниялары Қазақстанға осыдан 21 жыл бұрын кірген. Нақты айтқанда, 1997 жылы қыркүйек айында Қытайдың ұлттық мұнай-газ корпорациясы – CNPC (China National Petroleum Corporation) «Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның 60% акциясын сатып алудан бастаған. 1998 жылдың 27 шілдесінде Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы («CNPC» Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы) мемлекеттік ірі кәсіпорын болып құрылды және Қытайдың орталықтың тікелей басқаруында болды, ол сондай-ақ ірі шикі мұнай мен табиғи газ өндіру және өңдеу,

химиялық өнімдерді өңдеу, мұнай-газ бизнесі, инженерлік-техникалық қызметтер, мұнай-газ саласының құрылысына, мұнай жабдықтарын жасау, қаржылық қызметтер сияқты кешенді істермен айналысады. 2012 жылы компания әлемдегі ең ірі 50 мұнай компанияның рейтингінде 4-ші орынға көтерді және ең бай 500 кәсіпорынның 6 орынды иеленді. Нарықтық стратегияны және халықаралық стратегияны жүзеге асыру мақсатында 2015 жылы кешенді халықаралық энергетикалық компания атанып, 2020 жылы әлемдік деңгейдегі интеграцияланған халықаралық энергетикалық компанияға айналуы жоспарлап отыр. (China National Petroleum Corporation, 2016:1).

Бүгінгі таңдағы Қытай мәдениетінің заманауи кәсіпорын басқарудың ғылыми басқару және мәдени басқару үлгілеріне сәйкес келеді. Әсіресе, кәсіпорынды басқару барысында қызметкерлердің ынта-жігерін жұмылдыруға көңіл бөле отырып, күшті корпоративтік мәдениетті қалыптастырды. Сонымен қатар, қызметкерлері мен кәсіпорынды бірдей қатар дамытуды нақты қолға алған.

Қытайдың ұлттық мәдениетінің үздіксіз жалғасуы аталған компанияда көрініс алады, бұл үрдіске айналған. Қытай философиясының негізі Конфуций ілімінің этикалық қағидаларының сақталуын Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясын мемлекет тарапынан басқару тәжірибесінен анық көруге болады. Олар төменде көрсетілген ерекшеліктерде анық байқалады:

Ең алдымен, «CNPC» Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы өз тәртіптерін сақтау мен мейірімді саясат ұстануды басты қағида етіп қатаң ұстанады. Мейірімді саясат компания қызметкерлері мен жұмысшыларына қатысты мейірімді саясат қолдану көзделеді. Сонымен бірге, «билеуші халыққа мейірімді болуы керек, этикалық-моральдық жағынан, адами қасиет жағынан үлгі болуы керек» деген ұстаным компанияның іскерлік тәжірибесінде нақты орын алған. «Өзінді тұт, әдепке қайт» деген қағидаға сүйенген. Адам мен қоғам арасындағы байланысты этикалық өлшемдермен бағалау алдыңғы орынға қойылған.

Екіншіден, Қытайдың ұлттық мәдениетіне тән әрбір азаматтың мемлекеттің көркеюіне жауапкершілігі бар деген ұғым әр қызметкер мен жұмысшылардың санасына әбден сіңген. Әркім өз жұмыс орнында жұмысқа берілгендік, табандылық, шыдамдылық қасиеттерін көрсетеді. Ортақ сенімге негізделген командалық

істер мен жобаларды жүзеге асыру «CNPC» компаниясының халықаралық имиджінің өсуіне кепіл болып отыр.

Қытай ұлттық мұнай корпоративтік мәдениетінің талаптарының ерекшеліктеріне төмендегілер жатады:

1) «Отан барлығынан жоғары тұрады» деген отаншылдық патриоттық рух;

2) кәсіпорында бұйрыққа бағыну тәртібі;

3) «басқаларға үлгі болу – шексіз күш» рухы болуы;

4) «бүкіл әлемде бір үй» қағидасы;

5) «ғылым техника – өндіргіш күш»

6) «өз күшіне сүйеніп өмір сүру, отанын гүлдендіру»

Сонымен қатар, ірі өдірістік орын болғандықтан, өндірістік қауіп-қатердің алдын алу арқылы адами ресурстарды сақтауды жолға қойған. Қытай ұлттық мұнай кәсіпорындарында «өміріңді аяла, қауіпсіздік бірінші орында» деген қауіпсіздік ұранына сүйенеді. Жұмыс орнындағы қауіпсіздік ол бақыт, байлық деп саналады, оны сақтау мен молайту – әр басшының, әр жұмысшының борышы деген түсінік шаруашылық қатынастарын моралдық тұрғыдан байытады.

Қытайдың ұлттық мұнай корпорациясының орталық бекіткен құжатындағы іскерлік мәдениетінің негізгі қағидасы – рухты бо-

лу, отанды сүю, жаңалықты жарату, адал болу, үлес қосу болып саналады. Бұл кәсіпорынның әрбір қызметкеріне қойылатын негізгі ұраны және талабы, корпоративтік мәдениеттің негізі ретінде қабылданған. «Мен Отанға май сыйлаймын» деген ұран «CNPC» компаниясының мұнайшылардың ортақ құндылықтарын қалыптасты.

Қорытынды

Қазіргі заманғы қытайдың іскерлік мәдениеті қытайдың конфуциандық, даосизм, буддизм сияқты діни-философиялық дәстүрлеріне сүйенеді. Қытайдың шаруашылық және іскерлік мәдениеті тұтастыққа, отаншылдыққа, береке, асқақ рух пен қажымай еңбекке етуге негізделген. Қытайдың дәстүрлі мәдениетінің әскерлік мәдениетіне ұштасуы қытай экономикасының дамуына өзіндік ықпалын тигізіп отыр. Тұрақтылық, жауапкершілік, үйлесімділік сияқты түсініктер әрбір еңбек адамының санасына сіңіп, шаруашылық қатынастарына негіз болады. Қытайдың іскерлік мәдениетінде отбасы мен мемлекеттің мүддесінің біртұтастығы анық байқалады. Қытайдың шаруашылық мәдениеті ҚХР-дың экономикалық ісінің сапалық көрсеткіші және экономикалық дамуының маңызды факторы деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

Переломов Л.С. (1998) Конфуций: «Лунь юй»: Исслед., пер. с кит., коммент. – М. – С. 124-130.

Мұқаметханұлы Н. (2010) Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы: Тарих тағылымы, 121 б.

唐玉琴: 《中国优秀传统文化与现代企业管理》、《商业研究》; 1999年12期. [Электронный ресурс] www.baidu.com

中国石油天然气集团公司_百度百科 [Электронный ресурс] baike.baidu.com/ -

References

Perelomov L.S. Konfwciy: «Lwn yuy». İssled., per. s kit., komment. M.1998. 124-130s.

Muqametxanulu. N. İplomatiyalıq qatınastar jäne qıtaytanıw мәseleleri.- Almatı:tarıx tağılımı,2010.-121b.

Tang Yuwkin: «Qıtaylıq дәstürlı mädenıet jäne zamanawı bıznestı basqarw», «Biznes zertewler», 1999 j., 12-şıǵarılım. [Élektrondı reswrs] www.baidu.com

China National Petroleum Corporation - Baidu